

Қаражал қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 135 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 16 ақпанда № 96-20 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Қаражал қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаражал қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қалалық мәслихаттың төрағасы

З. Оспанова